

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары

«_____» _____
Е. Кұсайын
2024 жыл



Қарағанды облысында Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі

ЖОЛ КАРТАСЫ

Кіріспе

Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстандық балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу мемлекеттік саясатын басым бағыттары болып табылады. Қарағанды облысында балалар саны 317 681 адамды құрайды, оның ішінде 172 154 оқушы, 39 789 мектеп жасына дейінгі бала, 13 817 колледж студенті.

2022 жылғы 14 шілдеде Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірлеуді және қабылдауды тапсырды.

Жол картасы 3 бөлімнен тұрады:

1. «Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру».
2. «Балалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету».
3. «Қазақстандық балалардың саламаттылық деңгейін арттыру».

Жол картасында көзделген түрлі шараларды іске асыруға орталық мемлекеттік органдар және жергілікті атқарушы органдар қатысады.

Оқу-ағарту министрлігі үйлестіру жұмысын жүзеге асырады әрі республикалық және өңірлік құқық қорғау институттарының қызметіне арналған қағидаттар мен тәсілдерді белгілейді.

Келесі басым бағыттар бойынша барлық мүдделі тараптар қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру қажеттілігі маңызды аспект болып табылады.

Бірінші. Балалардың зорлық-зомбылықтан және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру.

Балаларға қатысты зорлық-зомбылық, агрессия және қатыгездік бүгінде бала өмірінің көптеген салаларында кеңінен көрініс табуда. Зорлық-зомбылықтың салдары құқыққа қарсы әрекеттер жасауға және соңғы жылдары пайыздық көрсеткіші артып келе

жатқан қылмыстарға алып келеді. Қарағанды облысында (2021 ж. – 107, 2022 ж. – 104, 2023 ж. – 92) кемелетке толмағандармен жасаған қылмыстар санының төмендеуі (11,5 %) байқалады.

Сан жағынан төмендеуіне қарамастан, балаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар санының көрсеткіші де тұрақты түрде жоғары болып қалуда (2021 ж. – 251, 2022 ж. – 167, 2023 ж. – 182).

Бұдан басқа, 2022 жылы 70 кемелетке толмаған бала жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың құрбаны болды (2020 ж. – 172, 2021 ж. – 129).

Бұл ретте бүгінгі таңда балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау саласында шешуді талап ететін мынадай жүйелі проблемалар байқалады:

қолайсыз отбасылармен жұмыстың жеткіліксіздігі;

көптеген білім беру ұйымдарында әлеуметтік педагогтің болмауына байланысты оның жұмысы әлсіретіп алынды;

медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізудің құқықтық талаптары жоқ;

балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайларына мемлекеттік органдардың ден қою алгоритмі және әлеуетті зорлықшылардың мінез-құлқын түзету жөніндегі шаралар кешені жоқ;

орталық мемлекеттік органдарда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының бірыңғай есебін жүргізу жүйесі енгізілмеген;

мектептердің әлеуметтік педагогтары мен педагог-психологтары мектептердегі балалар санын есепке алмай бөлінеді, аталған мамандар жүктемесінің шамадан тыс болуы оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне және білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың саламаттылық деңгейіне айтарлықтай әсер етеді;

білім беру ұйымдарында жәбірлеудің профилактикасы кешенді бағдарламалары жоқ.

Екінші. Қазіргі қазақстандық қоғамның аса өткір проблемаларының бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутоатрессивті мінез-құлқық пен суицид проблемасы. Қарағанды облысында 2020 жылы – 17 факт (әрекет – 10, аяқталған – 7), 2021 жылы – 18 факт (әрекет – 11, аяқталған – 7), 2022 жылы – 18 факт (әрекет – 13, аяқталған – 5), 2023 жылы – 15 факт (әрекет – 7, аяқталған – 8).

Елде суицид жасауға бейім балаларды, олардың психосоциналды жағдайын ерте анықтау және олармен жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі проблемасы өткір тұр.

Үшінші. Елдің орнықты дамуын қамтамасыз етуде балалардың саламаттылығы мәселесі маңызды рөл атқарады. Оқытудың тәрбиелік компонентін күшейтудің, балалардың саламаттылығын кешенді қамтамасыз етудің маңызды шешімі білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын жүргізу бойынша ұсынымдар қабылдау болады.

Сонымен қатар балаларға қатысты зорлық-зомбылық, суицид деңгейін төмендету және балалардың саламаттылығын қамтамасыз ету проблемасын шешу үшін ата-ана болу мәселесі жеке қарауды талап етеді. Жүргізілген көп аспектілі талдау ата-аналарға өздерінің ата-ана міндеттерін жүзеге асыруда қолдау көрсетудің өзектілігін көрсетеді.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 1648 факт, 2024 жылы – 1565 факт, 2025 жылы – 1486 факт). Қарағанды облысында (2023 жылы – 92 факты, 2024 жылы – 87 факты, 2025 жылы-83 факты).
- 2) көмелетке толмағандарға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 1904 факт, 2024 жылы – 1808 факт, 2025 жылы – 1717 факт). Қарағанды облысында (2023 жылы – 182 факты, 2024 жылы – 173 факты, 2025 жылы – 164 факты).
- 3) суицид пен оған әрекет жасау санын жыл сайын 5 %-ға төмендету (2023 жылы – 147 факт, 2024 жылы – 139 факт, 2025 жылы – 130 факт, әрекет жасау: 2023 жылы – 293 факт, 2024 жылы – 278 факт, 2025 жылы – 264 факт). Қарағанды облысында (2023 жыл – 7 факты, 2024 жыл – 5 факты, 2025 жыл – 4 факты, әрекет: 2023 жыл-7 факты, 2024 жыл-5 факты, 2025 жыл – 3 факты);
- 4) балалардың құқықтық қорғалу деңгейін (жыл сайын әлеуметтанушылық зерттеу) 3 %-ға арттыру (2023 жылы – 90 %, 2024 жылы – 93 %, 2025 жылы – 96 %);
- 5) балалардың бос уақытын қамтуды 100 %-ға дейін ұлғайту;
- 6) оқушыларды құқықтық іс-шаралармен 100 % қамту («Жеке қауіпсіздік» сабақтары).

P/c №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
1. Балалардың зорлық-зомбылықтан, жәбірленуден және оларға қатыгездікпен қараудан қорғалу құқығын іске асыру					
1	Қарағанды облысында Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі жол картасын бекіту	жол картасы	2023 жылғы қараша	облыс әкімдігі, ББ, ДСБ, ПД (келісім бойынша), ЖСМЖБ, ІСБ, МАҚБ, ТЖД (келісім бойынша)	талап етілмейді
2	«Дағдарысты басқару» әдісі бойынша шұғыл көмек көрсету үшін интерактивті карта негізінде өңірлік бағдарламаны бекіту	ОМ-не ақпарат	2024 жылғы қаңтар	ЖАО	талап етілмейді
3	Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша білім беру ұйымдары жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру	білім беру ұйымдарының 200 қызметкері	жыл сайын	ББ, білім бөлімдері	РБ
4	Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кемелетке толмағандарды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесін қолдану бойынша білім беру ұйымдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	бірлескен бұйрық	жыл бойы	ББ, ДСБ, ЖҚҰӘББ, ПД (келісім бойынша), АМКҚАБ	талап етілмейді
5	Мектепшілік есепке алуды жүргізу аясында кейс-менеджмент тетігін (жағдайды анықтаудан бастап проблеманы толық шешуге дейін) енгізу	бұйрық	2023 жылғы желтоқсан	ББ, білім бөлімдері	

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
6	Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен жәбірлеуге қарсы ұлттық ақпараттық науқан жүргізу. Рейттік іс-шаралар өткізу.	ақпараттық науқан	жыл сайын желтоқсан	ББ, ПД (келісім бойынша), ІСБ, БҚЖУ (келісім бойынша), білім бөлімдері	талап етілмейді
7	Білім беру ұйымдарында «Бірыңғай білім беру бағдарламасын» іске асыру бойынша қажетті шараларды қабылдау («Жоғары оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарындағы бірыңғай тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы ҚР ОМ 19.09.2023 ж. № 294 бұйрығы).	тәрбие жұмысы бағдарламасы	оқу жылы ішінде	ББ, ББД ОӘО, білім бөлімдері	талап етілмейді
8	Білім беру ұйымдарында білім алушыларды әлеуметтендіру жөніндегі бағдарламаны енгізу	әлеуметтендіру бағдарламасы	оқу жылы ішінде	ББ	талап етілмейді
9	Білім беру ұйымдарына балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жадынамалар, әдістемелік ұсынымдар жеткізу	жадынамалар, әдістемелік ұсынымдар	оқу жылы ішінде	ББ, ДСБ, ПД (келісім бойынша), ТЖД (келісім бойынша), ББД ОӘО	талап етілмейді
10	Оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша хабарлау үшін бірыңғай ата – аналар чатын-ақпараттық арна (чат) құру.	мессенджердегі ата-аналар чаты (арнасы)	2023 жылғы желтоқсан	ББ	талап етілмейді
11	Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық нысандарын, кемелетке толмағандардың суицидтік мінез-құлптық фактілерін бірыңғай есепке алуды енгізу	бұйрық	жыл сайын	ҚР БПҚСЖАЕК КОД (келісім бойынша)	талап етілмейді

P/c №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
12	Мектепке дейінгі, орта, кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарында білім алушылары мен тәрбиеленушілердің білім беру процесіне «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізу	ҚР ОМ бұйрығы	2024 жылғы қыркүйек	ББ	талап етілмейді
13	Жол жүру билеті жоқ балаларды қоғамдық көліктен мәжбүрлеп түсіруге тыйым салуды құқықтық реттеу	ОМ-ға ақпарат	2024 жылғы маусым	ББ, БҚЖУ (келісім бойынша), ПД (келісім бойынша), ЖКЖАЖБ, ЭЖТҮКШБ	талап етілмейді
14	Күрделі жағдайларды қарау және шешу бойынша өңірлік психологиялық-педагогикалық консилиумдар құру	ОМ-ға ақпарат	2024 жылғы қаңтар	ББ, БҚЖУ (келісім бойынша), ДСБ, ЖҚУӘББ, әкімдіктер	талап етілмейді
15	Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша бірыңғай сабақтарды тоқсан сайын өткізу	ОМ-ға ақпарат	тоқсан сайын	ББ, ББД ОӘО, ДСБ, ПД (келісім бойынша)	талап етілмейді
16	Сынып сағаттарын өткізу, ӨТО-на аралау, тақырыптық КТК-викториналар, конкурстар, балалардың абайсыздығы салдарынан өрттің алдын алу бойынша жарыстар.	есеп	қазан, желтоқсан, наурыз, мамыр	ТЖБ (келісім бойынша), ББ	талап етілмейді
17	Оқушылармен төтенше жағдайлардың алдын алу және мінез-құлдық ережелері	интерактивті сабақтар, БАҚ-та	сәуір мамыр қыркүйек	ТЖБ (келісім бойынша), ББ	талап етілмейді

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
	бойынша интерактивті сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.	жарияланымдарды орналастыру	қараша желтоқсан		
18	Жастардың психологиялық, әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, суицидтік мінез-құлықтың, кибербуллингтің алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру	жүргізілген жұмыс туралы ақпарат	жыл бойы	ЖСМЖБ, ББ, әкімдіктер	талап етілмейді
19	Осы саладағы сарапшыларды тарта отырып, педагог-психологтар, кемелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторларға арналған «Жастар арасында буллингтің алдын алу» семинар-тренингін өткізу	семинар-тренинг	жыл бойы	ЖСМЖБ	талап етілмейді
20	Девизантты мінез-құлықты балалар арасында спорттық іс-шаралар өткізу	спорттық іс-шаралар	Жартыжылд ықта 1 рет	ДШЖСБ	талап етілмейді
21	Балаларды спорт секцияларына тарту мақсатында балалармен және ата-аналармен әңгімелесу, кездесулер өткізу.	кездесу хаттамасы	Жартыжылд ықта 1 рет	ДШЖСБ	талап етілмейді
22	Колледждер мен мектептерде орнатылған компьютерлерде қажетсіз мазмұндағы қды сузу бойынша жұмысты ұйымдастыру	ОМ-ға ақпарат	жыл сайын	ББ, АМҚКАБ	талап етілмейді
23	Білім алушылар арасында Жаппыға бірдей құқықтық оқыту жүргізу (құқық бұзушылықтар, жыныстық тиіспеушілік жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылық, енгізуге тыйым салынған, білім беру ұйымдарында және олардың аумақтарында пайдалану үшін	БАҚ-та жарияланымдарды орналастыру	оқу жылы бойы	ББ, ПД (келісім бойынша), ДСБ, ДШЖСБ, әкімдіктер	талап етілмейді

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2 шектелген заттар мен құралдардың тізбесі және т. б.)	3	4	5	6
2. Бағалардың суицидтік және аутоагрессивті мінез-құлқының профилактикасы және оны түзету					
24	Суицидтік мінез-құлқы белгілері бар кемелетке толмағандарды анықтаудың және олармен одан әрі жұмыс жасаудың бірыңғай алгоритмі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу	хаттамалық тапсырма	2024 жылғы қаңтар	ДСБ, ББ	талап етілмейді
25	Өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін жасаған балаға көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл алгоритміне сәйкес жұмысты ұйымдастыру	ақпарат	2024-2025 ж	ДСБ, ББ, ЖҚҰӘББ, ДШЖСБ, ПД (келісім бойынша), әкімдіктер	талап етілмейді
26	Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет жасаған білім алушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	ақпарат	2024-2025 ж	ББ, ДСБ	талап етілмейді
27	Өз-өзіне қол жұмсау құралдарына (шатырға шығуды бақылау, орынсыз контентті бұзаттар, дәрілік препараттарды қолданудағы жауаптылық) қол жеткізуді шектеу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	ОМ-не ақпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	Әкімдіктер, ПД (келісім бойынша), АМЖКАБ, ДСБ, ББ, ЖСМЖБ, ІСБ	талап етілмейді
28	«Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған	ППМАЖ есеп	жыл бойы	ББ	көзделген қаражат шегінде

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2 жүйесін» (ППМЖ) пайдаланатын мектептер мен колледждер желісін кеңейту	3	4	5	6
29	Облыстық балаларды психологиялық қолдау орталығын ашу	әкімдіктің қаулысы	2024 жылғы ақпан	ББ	көзделген қаражат шегінде
30	Білім беру ұйымдарының педагог-психологтарына, әлеуметтік педагогтарына, кемелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың хатшыларына супервизия жүргізу	ОМ-ға ақпарат	оқу жылы ішінде	ББ, әкімдіктер	талап етілмейді
31	Кемелетке толмағандар арасындағы суицид фактілерін зерделеу бойынша өңірлік ведомстволарлық топтар құру	ОМ-ға ақпарат	2024 жылғы сәуір	Әкімдіктер, БҚЖУ (келісім бойынша), облыс прокуратурасы (келісім бойынша), ПД (келісім бойынша), ДСБ, ББ	талап етілмейді
32	Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мәселелері бойынша ата-аналар жұртшылығы арасында ағарту жұмыстарын жүргізу	семинарлар, дәрістер, кездесулер	жыл сайын	ББ, ДСБ, ДШЖСБ, ЖКУӘББ, әкімдіктер, ҮЕҰ	талап етілмейді
33	Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы проблемаларды (соның ішінде зорлық-зомбылық, суицид, қатыгездік және т. б.) сауатты жариялау мәселелері бойынша семинарлар сериясын өткізу	семинар	жыл сайын	БҚЖУ (келісім бойынша), ББ, ДСБ, ДШЖСБ, ІСБ, ҮЕҰ, БАҚ	талап етілмейді

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
34	Патриотизм сезімдерін тәрбиелейтін, қиын жағдайдан шығу жолдарын іздеу, мектеп ортасында зорлық-зомбылықтың алдын алу дағдыларын дамытатын мұражай сабақтарын өткізу	мұражай сабақтары	жыл сайын	МАҚБ	талап етілмейді
35	Балалар шығармашылығы көрмелерінің циклін (көркемсурет мектептерімен және бейнестудиялармен бірлесіп) ұйымдастыру	стационардағы көрмелер	жыл сайын	МАҚБ	талап етілмейді
36	Қолайсыз отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдерге арналған «Музейлік арт-терапия» жобасы бойынша іс-шаралар циклін ұйымдастыру	шеберлік сыныптары, конкурстар, концерттер	жыл бойы	МАҚБ	талап етілмейді
37	Қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу	мастер-класстар	жыл бойы	МАҚБ	талап етілмейді
38	«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді әрекет» науқаны аясында «Зорлықбылыққа жол жоқ! Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!» кездесу-диалог өткізу	кездесу	2024 жылғы қараша	МАҚБ	талап етілмейді
39	Кеншілер мәдениет сарайының үлкен LED экранында балалардың қауіпсіздігі тақырыбы бойынша көрсетілім ұйымдастыру	бейнелерді трансляциялау	жыл бойы	МАҚБ	талап етілмейді

3. Қазақстандық балалардың ал-ауқаты деңгейін арттыру

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
40	Әрбір білім беру ұйымында ата-аналар қауымдастығын (аналар, әкелер, әжелер, аталар клубтары) дамыту	клубтардың ашылуы	оқу жылы ішінде	ББ	талап етілмейді
41	Балалар мен жасөспірімдердің мәдени тәрбиесін арттыруға, шығармашылық деңгейін дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізу	ОМ-ға ақпарат	оқу жылы ішінде	ББ, МАҚБ, ДШЖСБ, ЖСМЖБ, ББ, әкімдіктер	талап етілмейді
42	Балалар-жасөспірімдер спортын дамыту, мектептік спорт лигаларын құру және мектептік спорт клубтары арасында дене шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру	ОМ-ға ақпарат	оқу жылы ішінде	ДШЖСБ, ЖСМЖБ, ББ, қалалар мен аудандардың әкімдіктері	талап етілмейді
43	Кәмелетке толмағандарды қосымша білім берумен 100% қамту бойынша шаралар қабылдау	ОМ-ға ақпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	ББ, ДШЖСБ, МАҚБ, ЖСМЖБ, қалалар мен аудандардың әкімдіктері,	талап етілмейді
44	Қолайсыз және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларды, девинатты мінез-құлықтағы балаларды тегін негізде бос уақыттарында іс-шараларымен (спорт секциялары, қызығушылықтар бойынша үйірмелер, балалар зертханалары, шеберханалар және т. б.) қамтуды жүзеге асыру	есеп		ББ, ДШЖСБ, МАҚБ, ЖСМЖБ, ПД (келісім бойынша), қалалар мен аудандардың әкімдіктері, ҮЕҰ	талап етілмейді
45	Балаларға қатысты құқық бұзушылықтарды, суицидтерді, зорлық-зомбылықты азайту жөніндегі	жобаны іске асыру	жыл бойы	ББ, ДСБ, ІСБ, ЖҚҮӘББ, ДШЖСБ	көзделген қаражат шегінде

P/c №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
	профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін ҰЕҰ-ның Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын бөлу				
46	«111» бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығының сенім телефондары - отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша сенім телефоны, Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің, «BalaOrgau» QR-коды көрсетілген ақпараттық стенділерді ресімдеу	есеп	2023 жылғы қазан	ББ, ДСБ, ДШЖСБ, ЖКҰӘББ	талап етілмейді
47	Балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында өмірге деген оң көзқарасты, табысты мінез-құлық дағдыларын, қазіргі болмысты сыни тұрғыдан бағалау қабілетін және теріс әсерге (қысымға) қарсы тұра білуін қалыптастыруға бағытталған бейнероликтер жасау	5 ролик	2024 жылғы ақпан	ББ, ІСБ, ЖСМЖБ, АМЖКАБ, БҚЖУ (келісім бойынша)	көзделген қаражат шегінде
48	Балалардың қоғамдық көліктердегі, вокзалдардағы, әуежайлардағы, адамдар көп жиналатын орындардағы, фильмдердің көрсетілімі алдында кинотеатрлардағы, мектептердегі, ауруханалардағы, балабақшалардағы, колледждердегі, жоғары оқу орындарындағы, алаңдардағы және т.б. қауіпсіздігі тақырыбын жариялау	ОМ-ға ақпарат	жыл сайын,	Әкімдіктер, БҚЖУ (келісім бойынша), ББ, ДСБ, ЖКЖАЖБ, МАҚБ, ПД (келісім бойынша)	көзделген қаражат шегінде
49	«Зорлық-зомбылықсыз аумақ» акциясын өткізу	акция	жыл бойы	БҚЖУ (келісім бойынша), ПД	талап етілмейді

P/c №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
50	Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды, отбасылық қолайсыздықты уақтылы анықтау үшін «Қамқор», «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім» рейдтерін өткізу	ОМ-ға ақпарат	тоқсан сайын	(келісім бойынша), ББ	талап етілмейді
51	Интернет желісінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-ағарту науқанын әзірлеу және енгізу	ақпараттық-ағарту науқаны	2024 жылғы желтоқсан	ББ, ІСБ, ЖСМЖБ	талап етілмейді
52	Орта білім беру ұйымдарында «Үздік психологиялық қызмет» І облыстық конкурсын өткізу.	облыстық конкурс	2024 жылғы сәуір	ББ	көзделген қаражат шегінде
53	Балалардың құқықтарын қорғау мен саламаттылығын дамыту жөніндегі республикалық жобалардың фестивалін өткізу	республикалық фестиваль	2024 жылғы қараша	ББ	талап етілмейді
54	«Ата-ана бақылауы» бағдарламаларын қолдану бойынша кең ауқымды науқан жүргізу	ОМ-ға ақпарат	жыл сайын маусым, желтоқсан	ББ, ДШЖСБ, МАҚБ, ІСБ, ЖСМЖБ, әкімдіктер	талап етілмейді
55	Білім беру ұйымдарында ата-аналар арасында жалпыға бірдей ағартуды жүргізу арқылы бала – ата-ана қарым-қатынасын нығайту. «Отбасы сағаты» облыстық жобасын іске асыру	ОМ-ға ақпарат	жыл сайын қыркүйек, желтоқсан, наурыз, маусым	ББ	талап етілмейді

Р/с №	Атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6
56	Жастарды жастар еңбек жасақтарының, студенттік құрылыс және педагогикалық жасақтардың қызметіне тарту	есеп	жыл бойы	ЖСМЖБ, ББ, әкімдіктер	талап етілмейді

Қарағанды облысының
білім басқармасының басшысы

 Г. Жунусова

Қарағанды облысының
денсаулық сақтау
басқармасының басшысы

 Б. Түлегенова

Қарағанды облысының
дене шынықтыру және спорт
басқармасының басшысы

 Т. Абылаев

Қарағанды облысының
жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы

 Ә. Жүнісбекова

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы

ББ – Қарағанды облысының білім басқармасы;

ББД ОӘО – Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы

БКЖУ – Бала құқықтары жөніндегі уәкіл;

ДСБ – Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы;

ПД – Қарағанды облысының Полиция департаменті;

ТЖД – Қарағанды облысының Төтенше жағдайлар департаменті;

ІСБ – Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы;

ЖСМЖБ – Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы;

ЖҚҰӘББ – Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;
ЖКЖАЖБ – Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы;
ҚР БІ ҚСЖАЕК ҚОД – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті;
ДШЖСБ – Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы;
МАҚБ – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер, және құжаттама басқармасы;
АМҚКАБ – Қарағанды облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы;
ЭЖТҮКШБ – Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы;
ҮЕҰ – Үкіметтік емес ұйымдар



